

Шетелдіктердің асырап алуына берілген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын ұл (қыз) балаларды есепке алу туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2003 жылғы 11 сәуірдегі N 08-1/31 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 12 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2264. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 11-1-2/130 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 03.04.2015 № 11-1-2/130 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

К е л і с і л д і :

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі
2003 жылғы 11 сәуірдегі

К е л і с і л д і :

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
2003 жылғы 14 сәуірдегі

К е л і с і л д і :

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің
Шекаралық қызмет директоры
2003 жылғы 11 сәуірдегі

Шетелдіктердің асырап алуына берілген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын ұл (қыз) балаларды есепке алу туралы тәртібін реттеу мақсатында бұйырамын:

1. Шетелдіктердің асырап алуына берілген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын ұл (қыз) балаларды есепке алу туралы қоса беріліп отырған нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап 30 күн өтісімен қолданысқа енгізілсін.

Мемлекеттік хатшы -

министр

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы -
Сыртқы істер министрінің
2003 жылғы 11 сәуірдегі
N 08 - 1 / 31 бұйрығымен
бекітілген

**Шетелдіктердің асырап алуына берілген Қазақстан
Республикасының азаматтары болып табылатын ұл (қыз)
балаларды есепке алу туралы
нұсқаулық 1. Жалпы ереже**

Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасының "Неке және отбасы туралы" Заңының 95-бабындағы 1-тармаққа, 209-бабындағы 6-тармаққа, Қазақстан Республикасының "Дипломатиялық қызмет туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі N 217 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Консулдық Жарғысының 25 және 32-баптарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 қарашадағы N 1197 Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын ұл (қыз) балаларды шетелдіктердің асырап алуына беру ережесіне сәйкес әзірленген және шетелдіктердің асырап алуына берілген Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын ұл (қыз) балаларды (бұдан әрі - балалар) есепке алу тәртібін анықтайды.

2. Консулдық есепке алу

2. Балаларды консулдық есепке алу олар Қазақстан Республикасынан тысқары кеткенге дейін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде (бұдан әрі - Сыртқы істер министрлігі) жүзеге асырылады.

3. Балаларды консулдық есепке алғаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленген мөлшерде консулдық алым алынады.

4. Балаларды есепке алу үшін асырап алушылар төмендегі құжаттарды ұ с ы н а д ы :

1) асырап алынған ұл (қыз) баланы консулдық есепке алу туралы өтініш (1 қ о с ы м ш а) ;

2) ішкі істер органдарының шетелде тұрақты тұру орнына жол жүруге арналған рұқсат жазбасы бар Қазақстан Республикасының ұлттық паспорты;

3) ұл (қыз) баланы асырап алушылардың жеке басын куәландыратын қ ұ ж а т т а р ;

- 4) баланың 2 фотосуреті;
нотариалды түрде куәландырылған;
- 5) баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- 6) ұл (қыз) баланы асырап алу туралы куәлігінің көшірмесі.

5. Балаларды есепке алу процесіне, асырап алушылардың міндетті түрде жеке қатысуы-оларды азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңнамасында құқықтары мен міндеттері белгіленген өкіл ұстау, сондай-ақ қажет болған жағдайда аудармашының қызметін пайдалану құқығынан айырмайды.

6. Балалар туралы мәліметтер Шетелдіктер асырап алған ұл (қыз) балаларды - Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алу журналына (одан әрі - Балаларды есепке алу журналы) (2 қосымша), сондай-ақ балаларды есепке алудың жеке карточкасына (3 қосымша) енгізіледі.

7. Есепке алуды баланың паспортына реттік нөмірі, күні, сондай-ақ, лауазымды тұлғаның мөртабаны мен қол қою арқылы Сыртқы істер министрлігі жүргізеді (4 қосымша).

8. Сыртқы істер министрлігі баланың есепке алынғандығы туралы оның одан-әрі тұратын мемлекетіндегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктеріне және консулдық мекемелеріне (бұдан әрі - консулдық мекемелер) хабарлайды.

9. Аталған ақпаратты алған жағдайда, баланың тұратын мемлекетіндегі консулдық лауазымды тұлға Балаларды есепке алу журналына жазба (2 қосымша) жүргізеді.

10. Паспортында есепке алынғандығы туралы Сыртқы істер министрлігінің мөртабаны болған жағдайда қосымша консулдық мекеменің консулдық тіркелгендігі туралы мөртабан қою талап етілмейді.

11. Балалардың Қазақстан Республикасынан кетуін-паспортында ҚР ішкі істер органдарының шетелде тұрақты тұруға кетуге арналған рұқсат жазбасы, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігінде есепке алынғандығы туралы мөртабаны болған жағдайда асырап алушы ата-аналар жүзеге асырады.

3. Тұрғылықты орнын өзгерту

12. Асырап алынған ұл (қыз) баланың тұрғылықты орны өзгерген жағдайда, асырап алушылар бұл туралы аталған баланың есепте тұрған консулдық мекемеге Қазақстан Республикасының азаматы - асырап алған ұл (қыз) баланың тұрғылықты орны өзгергендігі туралы жазбаша хабарлама (5 қосымша) арқылы хабарлайды.

13. Мемлекет ішінде тұрғылықты орны өзгергендігі туралы хабарлама алынған жағдайда, консулдық лауазымды тұлға Баланы есепке алу журналына

т и і с т і ж а з б а ж ү р г і з е д і .

Тұратын мемлекетін өзгерткен жағдайда, консулдық лауазымды тұлға есептен шығарылғандығы туралы Баланы есепке алу журналына жазба енгізеді, бұл орайда баланың паспортына есептен шығарылғандығы туралы мөртабан қ о й ы л м а й д ы .

Есепке алу деректеріндегі өзгерістер туралы ақпарат баланың одан әрі тұратын мемлекетіндегі консулдық мекемеге, сондай-ақ Сыртқы істер министрлігіне жіберіледі.

14. Асырап алушылар өзге мемлекетке тұруға келген баланы есепке алу туралы өтініш жасаған жағдайда, консулдық лауазымды тұлға тиісті ақпараттың дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады және деректерді Баланы есепке алу ж у р н а л ы н а е н г і з е д і .

Баланың мекен-жайды өзгерткендігі туралы ақпарат болмаған жағдайда, консулдық лауазымды тұлға баланың бұрын тұрған жеріндегі консулдық мекемеге немесе Сыртқы істер министрлігіне сұрау салуға міндетті.

4. Балаларға бақылауды жүзеге асыру

15. Қазақстан Республикасының консулдық лауазымды тұлғасы консулдық округі шегінде шетелдіктерге ұл (қыз) бала асырап алуға берілген балаларға бақылау жасауды жүзеге асырады, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толғанға дейін баланың тұрмыс жағдайы мен тәрбиесінің сәйкестігін тексеру мақсатында асырап алушыларға барып тұрады.

Ескерту: 15-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Сыртқы істер министрінің 2005 жылғы 30 қарашадағы N 08-1/363 бұйрығымен .

16. Сыртқы істер министрлігі ай сайын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне есепке алынған балалардың тізімін жібереді.

17. Егер асырап алушылар өздеріне жүктелген ата-ана міндетін орындаудан жалтаратындығы, ата-ана құқығын қиянат жасап пайдаланатындығы, асырап алынған ұл (қыз) балаға қатыгездік танытатындығы, сондай-ақ, оның денесіне немесе жүйкесіне залал келтіретін зорлық-зомбылық жасайтындығы, жыныстық ар тазалығына қастандық жасалғандығы анықталған жағдайда, консулдық лауазымды тұлға дереу Сыртқы істер министрлігіне хабарлайды және халықаралық құқық жол беретін шекте баланың құқықтары мен мүдделерін қ о р ғ а у жөнінде шаралар қабылдайды.

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы-Сыртқы істер
министрінің
2003 жылғы 11 сәуірдегі 08-1/31
бұйрығымен бекітілген
Шетелдіктердің асырап алуына
берілген Қазақстан Республикасының
азаматтары болып табылатын
ұл (қыз) балаларды есепке алу
туралы нұсқаулыққа

1 қосымша

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігіне
Азамат/ша (аты-жөні, азаматтығы)

_____ мекен-жайы және тел.: _____

ҰЛ (ҚЫЗ) БАЛАНЫ КОНСУЛДЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ

_____ калалық АХАЖ органымен 200 жылғы
"_____" берген сериясы _____ N_____ ұл (қыз) баланы
асырап алу туралы куәліктің негізінде менің - Қазақстан
Республикасының азаматы/шасы - ұл/қыз баламды консулдық есепке
алуыңызды сұраймын.

Бала туралы мәліметтер

Аты-жөні, туған уақыты мен туған жері: _____

Паспорт N _____

Қазақстан Республикасында _____
берілген _____ мекен-жайы бойынша тұратын

_____ кетуге және тұруға рұқсаты бар.

Қазақстан Республикасында баланың мынадай жақын туыстары
тұратынын хабарлаймын (аты-жөні мен мекен-жайы): _____

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мен асырап алған ұл

(қыз) бала _____
кәмелеттік жасқа толғанға дейін (18 жас) Қазақстан Республикасының азаматтығын сақтайтындығын және консулдық лауазымды тұлға баланың тұрмыс жағдайы мен тәрбиесінің сәйкестігін тексеру мақсатында ұл (қыз) баланы асырап алушыларға кез келген уақытта баруға құқығы бар екендігі маған белгілі.

_____ тұрғылықты орным өзгерген жағдайда, кетерден 10 күн бұрын: _____

мекен-жайында орналасқан Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігін немесе консулдық мекемесіне хабардар етемін.

200__ жылғы " __ " _____ (өтініш берушінің қолы)

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы-Сыртқы істер
министрінің
2003 жылғы 11 сәуірдегі 08-1/31
бұйрығымен бекітілген
Шетелдіктердің асырап алуына
берілген Қазақстан Республикасының
азаматтары болып табылатын
ұл (қыз) балаларды есепке алу
туралы нұсқаулыққа

2 қосымша

**ШЕТЕЛДІКТЕР АСЫРАП АЛҒАН ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫ -
ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ АСЫРАП АЛҒАН ҰЛ (ҚЫЗ)
БАЛАЛАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖУРНАЛЫ**

N	Асырап алғанға дейінгі ұл(қыз) баланың аты-жөні, жынысы	Асырап алғанға дейінгі ұл(қыз) баланың туған жылы, күні және жері	Асырап алғанға дейінгі ұл(қыз) баланың ата-ана, аты-жөні, сының аты-жөні	Ұл(қыз) асырап алуды жүргіз. ген менің аты-жөні	Асырап алғаннан кейінгі ұл(қыз) баланың аты-жөні және бала ны	Асырап алушы. лардың аты-жөні, оларды және бала ны	Асырап алушы. лардың тұрғы. лықты орны консул. дық есепке туралы ше.алу туралы шімімен белгі өзгертіл. ген мәлі.

1	2	3	4	5	6	7	8
та б л и ц а н ы ң				ж а л ғ а с ы			
Ұл(қыз)	баланы	N	паспорт	Ескертпе			
асырап	алу			беруге		ар.	
туралы	шешім			налған		Ф - 1	
шығарған	сот.			N		формасын	
тың	атауы.					ресімдеген	
Шешім	шығарыл.			ІІБ		атауы,	
ған	күн,	судья.				паспорттың	
ның	аты - жөні					берілген	
						к ү н і	
9				1 0		1 1	

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы-Сыртқы істер
министрінің
2003 жылғы 11 сәуірдегі 08-1/31
бұйрығымен бекітілген
Шетелдіктердің асырап алуына
берілген Қазақстан Республикасының
азаматтары болып табылатын
ұл (қыз) балаларды есепке алу
туралы нұсқаулыққа

3 қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

_____ | 3x4 |
| ф о т о с ы |

ШЕТЕЛДІК АЗАМАТТАР АСЫРАП АЛҒАН

Қ А З А Қ С Т А Н

РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫ - ҰЛ (ҚЫЗ)
БАЛАЛАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ

1 Асырап алғанға дейінгі ұл (қыз)

2 Асырап баланың аты - жөні алғаннан кейінгі ұл (қыз)

3 баланың аты - жөні

4 Туған уақыты және жері

5 Паспорт сериясы мен нөмірі, берілген күні

6 Қазақстаннан шетелге кетер алдындағы тұрғылықты орны (тіркелген жері)

7 Сот шешімі, нөмірі, уақыты және жері

8 Асырап алушылар (аты-жөні)
Асырап алған әкесі:
Асырап алған анасы:

9 Тұратын еліндегі мекен-жайы және телефон нөмірі:

10 Ұл (қыз) баланы асырап алу туралы куәлік (деректер)

11 ҚР-дағы жақын туыстары (Аты-жөні, мекен-жайы)

12 Консулдық есепке алу немесе есептен шығаруды жүргізу туралы белгі

Күні _____ Лауазымды тұлғаның қолы _____

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы-Сыртқы істер
министрінің
2003 жылғы 11 сәуірдегі 08-1/31
бұйрығымен бекітілген
Шетелдіктердің асырап алуына
берілген Қазақстан Республикасының
азаматтары болып табылатын
ұл (қыз) балаларды есепке алу
туралы нұсқаулыққа

4 қосымша

| ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ |
| СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ |
| |
| КОНСУЛДЫҚ ЕСЕПКЕ |

А Л Ы Н Д Ы

N _____

200__ жылғы " __ " _____

Бөлім бастығы _____ М.О.

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік хатшысы-Сыртқы істер
министрінің
2003 жылғы 11 сәуірдегі 08-1/31
бұйрығымен бекітілген
Шетелдіктердің асырап алуына
берілген Қазақстан Республикасының
азаматтары болып табылатын
ұл (қыз) балаларды есепке алу
туралы нұсқаулыққа

5 қосымша

Қазақстан Республикасының

консулдық бөліміне (Бас Консулдық, Консулдық)
азамат/ша (аты-жөні, азаматтығы)

мекен-жайы және тел:

**Қазақстан Республикасының азаматы - асырап алынған
ұл (қыз) баланың тұрғылықты орнының өзгергендігі
туралы хабарлама**

Жаңа мекен-жайға көшуіне байланысты Қазақстан Республикасының
азаматы/шасы _____

(ұл (қыз) баланың аты-жөні)
паспорт N _____ осы мекен-жайы бойынша тұратын болады:

Тұратын мемлекетімді өзгерткен жағдайда, жаңа тұратын орынға
келгеннен кейін ол жөнінде 10 күннің ішінде Қазақстан
Республикасының жақын дипломатиялық өкіліне немесе консулдық
мекемесіне хабардар етемін.

200__ жылғы " __ " _____

(қолы)

